

# Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы  
Президенті жанындағы  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап  
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор  
**Алмас Арзықұлов**,  
ҚР Президенті жанындағы  
ҚСЗИ-дің жетекші  
ғылыми қызметкері

Редакция мекенжайы:  
Қазақстан Республикасы,  
010000, Астана қаласы,  
Бейбітшілік көшесі, 4  
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20  
Факс (7172) 75-20-21  
E-mail: office@kisi.kz  
www.kisi.kz  
www.journal-kogam.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының  
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық  
келісім министрлігінде 2003 ж.  
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы  
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414-5696 (print)  
ISSN 2788-5860 (online)

doi.org/10.52536/2788-5860

Индекс 74007

Журнал саяси ғылымдар саласы бойынша  
ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін  
жариялау үшін Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі білім және  
ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету  
комитеті ұсынатын ғылыми басылымдар  
тізбесіне енеді.

## МАЗМҰНЫ

<b>Мадина Бектенова, Шолпан Жандосова</b> Ислам факторының Қазақстан мен Орталық Азиядағы қоғамдық-саяси жүйенің трансформациялық үдерістеріне ықпалы. . . . .	6
<b>Толғанай Мустафина, Фарида Мусатаева, Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев</b> Бітімгершілікті жүзеге асырудың негізгі қағидалары . . . . .	21
<b>Айгуль Забирова, Наталья Сейтахметова</b> Постатеизм: әлеуметтанулық талдау . . . . .	38
<b>Еркебұлан Жұмашов, Нұрбек Пұсырманов</b> Ауылдық елді мекендердің тұрақты дамуы: басқару жүйесін жетілдіру . . . . .	53
<b>Еркін Тұқымов</b> Жаһандық демографиялық сын-қатерлер: Қазақстан үшін тәжірибесі . . . . .	64
<b>Гүлмира Сұлтанғазы, Жаслан Нурбаев, Гүлжан Ерменбаева</b> Қазақстандық ұлт құрылысы контекстіндегі тарих және тарихтану . . . . .	80
<b>Мирас Жиенбаев</b> Қазақстандағы ұлттық құрылыс саясаты: азаматтық немесе этноәлеуметтік сәйкестік пе? . . . . .	93
<b>Рафик Усманов, Майя Урузғалиева, Разия Асылғожина, Венера Жексембекова</b> Солтүстік Каспийдің геоэкологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қазіргі саяси процестері мен тетіктері . . . . .	104
<b>Айнұр Әбиденқызы, Құрмет Қадылғазыұлы, Айгерим Ердашова</b> Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» стратегиясы: әлемдік жетекшілікті қалыптастырудағы порттардың рөліне жүгіну . . . . .	117
<b>Бауыржан Әукен</b> «Оңтүстік Кавказ аймағындағы қақтығыс және ынтымақтастық: теориядан саясатқа» кітабына шолу . . . . .	131

## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Мадина Бектенова, Шолпан Жандосова</b> Влияние исламского фактора на трансформационные процессы общественно-политической системы в Казахстане и Центральной Азии . . . . .	6
<b>Толғанай Мустафина, Фарида Мусатаева, Сымбат Шакиров, Асан Амангельдиев</b> Основные принципы осуществления посредничества . . . . .	21
<b>Айгуль Забирова, Наталья Сейтахметова</b> Постатеизм: социологический анализ . . . . .	38
<b>Еркебұлан Жұмашов, Нұрбек Пұсырманов</b> Устойчивое развитие сельских поселений: совершенствование системы управления . . . . .	53
<b>Еркін Тукумов</b> Глобальные демографические вызовы: опыт для Казахстана . . . . .	64

# Қоғам & Дәуір



Қазақстан Республикасы  
Президенті жанындағы  
Қазақстанның стратегиялық  
зерттеулер институты

**Гулмира Султангазы, Жаслан Нурбаев,  
Гульжан Ерменбаева**  
История и историзация в контексте  
казахстанского национализма . . . . . 80

**Мирас Жиенбаев**  
Политика национального строительства в Казахстане:  
гражданское и этносоциальное единство? . . . . . 93

**Рафик Усманов, Майя Урузгалиева,  
Рафия Асылгожина, Венера Жексембекова**  
Современные политические процессы и  
механизмы обеспечения геоэкологической  
безопасности Северного Прикаспия . . . . . 104

**Айнұр Әбиденқызы, Құрмет Қадылғазыұлы,  
Айгерим Ердашова**  
Китайская стратегия «Один пояс, один путь»:  
роль портов в установлении глобального лидерства . . . . . 117

**Бауыржан Аукең**  
Рецензия на книгу: Конфликт и сотрудничество в регионе  
Южного Кавказа: От теории к политике . . . . . 131

## CONTENTS

**Madina Bektenova, Sholpan Zhandossova**  
Influence of the Islamic Factor on Transformation  
Processes of the Socio-Political System in  
Kazakhstan and Central Asia . . . . . 6

**Tolganai Mustafina, Farida Mussatayeva,  
Symbat Shakirov, Asan Amangeldiyev**  
The Fundamental Principles of Mediation . . . . . 21

**Aigul Zabirowa, Natalya Seitakhmetova**  
After Atheism: a Sociological Examination . . . . . 38

**Yerkebulan Zhumashov, Nurbek Pusyrmanov**  
Sustainable Development of Rural Settlements:  
Improving the Local Government . . . . . 53

**Yerkin Tukumov**  
Global Demographic Challenges:  
Experience for Kazakhstan . . . . . 64

**Gulmira Sultangazy, Zhaslan Nurbayev,  
Gulzhan Yermenbayeva**  
History and Historicization in the Context of  
Kazakh Nation-Building. . . . . 80

**Miras Zhiyenbaev**  
The National Building Policy in Kazakhstan:  
Civic or Ethnosocial Identity? . . . . . 93

**Rafik Usmanov, Maiya Uruzgaliyeva,  
Raziya Asylgozhina, Venera Zheksembekova**  
Modern Political Processes and Mechanisms  
for Ensuring Geo-ecological Security  
the Northern Caspian Region . . . . . 104

**Ainur Abidenkyzy, Kurmet Kadylgazyuly,  
Aigerim Yerdashova**  
Chinese Strategy «One Belt, One Road»:  
the Role of Ports in Establishing Global Leadership . . . . . 117

**Bauyrzhan Auken**  
Review of the book: Conflict and Cooperation  
in the South Caucasus Region . . . . . 131

*Толганай Мустафина<sup>1</sup>, Фариди Мусатаева<sup>2</sup>,  
Сымбат Шакиров<sup>3</sup>, Асан Амангельдиев<sup>4</sup>*

*<sup>1</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
«Философия» кафедрасының доцент м.а., PhD  
e-mail: mustafina\_tv@bk.ru*

*<sup>2</sup> Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты жанындағы  
Этномедиация орталығы директорының орынбасары  
(Астана, Қазақстан)  
e-mail: f.mussatayeva@mail.ru*

*<sup>3</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
«Философия» кафедрасының аға оқытушысы, PhD  
e-mail: simba\_004@mail.ru*

*<sup>4</sup> Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
«Философия» кафедрасының аға оқытушысы, PhD  
(Астана, Қазақстан)  
e-mail: asnur.1989@mail.ru*

## **БІТІМГЕРШІЛІКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

**Аңдатпа.** Соңғы жарты ғасырда геосаяси турбуленттілікті ескере отыра конфликттер менеджментін жүйелеу бойынша ғылыми, сараптамалық әдебиеттер және нақты тәжірибелер жинақталды. Дәстүрлі қазақ қоғамында конфликттер менеджменті билер институты арқылы жүзеге асырылған. Алайда соңғы екі ғасырда билер институтының қызметі максималды кеміді.

Мақалада бітімгершілік мәселелеріне қатысты шетелдік және отандық зерттеушілер еңбектері, бейбітшілік идеяларын дамытуға үлес қосушы халықаралық ұйымдардың ресми құжаттарындағы әдіс-тәсілдер мен қағидалар салыстырмалы тұрғыда зерделенді. Зерттеу барысында дәстүрлі қазақ қоғамындағы конфликттер менеджментіндегі теория мен тәжірибе арасындағы корреляциялық байланыстар талданды.

Бітімгершілік үдерістеріне арналған ғылыми-сараптамалық әдебиеттерде бітімгершіліктің негізгі қағидағтарына назар аударылды. Қазіргі қазақстандық қоғамда әлеуметтік конфликттерді еңсеруде бітімгершілік қызметтің негізгі халықаралық стандарттары мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының негізгі ұстанымдарының консенсусында жүзеге асыру қажеттілігінің өзектілігі талданды.

**Түйін сөздер:** *бітімгершілік; бітімгершілік әдістері; бітімгершілік тәсілдері; бітімгершілік қағидалары; конфликттерді реттеу, бітімгер; билер институты; конфликттерді реттеу менеджменті; медиация; шаттл дипломатиясы.*

Толганай Мустафина, Фарида Мусатаева, Сымбат Шакиров,  
Асан Амангельдиев

## ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ОСУЩЕСТВЛЕНИЯ ПОСРЕДНИЧЕСТВА

**Аннотация.** За последние полвека накоплена научная, экспертная литература и реальный опыт по систематизации управления конфликтами с учетом геополитической турбулентности. В традиционном казахском обществе менеджмент конфликтов осуществлялось посредством института биев. Однако за последние два столетия деятельность института биев максимально сократилась.

В данной статье авторы проводят сравнительное изучение работ зарубежных и отечественных исследователей, касающихся вопросов посредничества, в официальных документах международных организаций, вносящих вклад в развитие идей мира. В ходе исследования были проанализированы корреляционные связи между теорией и практикой в управлении конфликтами в традиционном казахском обществе.

В научно-экспертной литературе по вопросам посредничества особое внимание уделяется базовым четырем принципам данной деятельности. В предлагаемой статье авторы подробно разбирают данные принципы. В условиях современной социальной напряженности, в том числе отражающейся в казахстанских реалиях, актуализируется вопрос развития посредничества с учетом традиционного потенциала в консенсусе в общепринятыми международными стандартами.

**Ключевые слова:** методы посредничества, принципы посредничества, урегулирование конфликтов, посредник, институт биев.

Tolganai Mustafina, Farida Mussatayeva, Symbat Shakirov,  
Asan Amangeldiyev

## THE FUNDAMENTAL PRINCIPLES OF MEDIATION

**Abstract.** Over the past half century, scientific, expert literature and real-world experience have been accumulated on the systematization of conflict management, taking into account geopolitical turbulence. In the traditional Kazakh society, conflict management was carried out through the Institute of biys. However, over the past two centuries, the activities of the Biy Institute have decreased as much as possible.

In this article, the authors conduct a comparative study of the works of foreign and domestic researchers related to mediation issues in official documents of international organizations contributing to the development of peace ideas. They are analyzed through correlations between the theory and practice of conflict resolution in traditional Kazakh society.

In the scientific and expert literature on mediation, special attention is paid to the basic four principles of this activity. In the proposed article, the authors analyze these principles in detail. In the context of modern social tensions, including those reflected in the Kazakh realities, the issue of mediation development is

---

being actualized, taking into account the traditional potential in consensus in accordance with generally accepted international standards.

**Key words:** *mediation methods, principles of mediation, conflict resolution, mediator, institute of byi.*

---

## **Кіріспе**

Әртүрлі кезеңдерде қоғамда тұлғааралық, топаралық және басқа да бағыттағы конфликттер орын алып отырады. Әлеуметтік байланыстардың әр түрлі салаларында көрініс табатын конфликттер қоғам субъектілерінің өзара қарым-қатынастар сценарийлерінің қалыптасып, өзгеріп отыруына әсер етеді. Бірақ қоғамдық жүйелердің әртүрлі деңгейлерінде конфликттердің кең таралуына қарамастан, қоғам өмірінде оларды нормативтік жолмен реттеп, шешуге талпыныстар жүзеге асырылуда.

Әлеуметтік конфликттер қарқындылығы мен ұзақтығы артқан сайын, олардың тұрақты өмір сүруге деген қаупі артады. Сондықтан қоғамда конфликттерді сотқа жеткізбей, ынғайлы нормативтік реттеу мен шешудің концептуалды жолдары қалыптасқандығы маңызды. Заманауи зерттеулерде мұны конфликттерді реттеу менеджменті деп атайды. Аталмыш менеджмент шеңберінде конфликттерді тиімді шешудің механизмдері мен әдіс-тәсілдері қолданылады.

Қазіргі кезде қазақстандық болмыста әлеуметтік конфликттерді шешуде бітімгершілік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану мәселелері қоғам және билік назарында. Бүгінде Қазақстанда жүріп жатқан трансформацияларда түрлі наразылықтардың өршуі орынды жайт. Кей кезде конфликттерді дәстүрлі, легитимді жолдармен реттеуден гөрі зорлық-зомдылық, қорлау, өмірге қауіп төндіру, қирату сияқты мәселелер көрініс табады. Мұндай үрдістер конфликттер менеджментіне назарды ерекше бұрып, теориялық негіздерді бағамдаумен қатар, тиімді шарттар, құралдар мен перспективаларын нақты зерделеуді және қолдануды талап етеді.

Бүгінде жаһандық алаңда жетекші мемлекеттердің демократиялық, либералды құндылықтардың шарттарын әлемдік даму бағыты ретінде қабылдауын ескере отырып, заманауи қазақстандық қоғамда дәстүрлі конфликттер менеджментін жүзеге асырған бұрынғы билер институтын қайта жаңғырту қиындау. Бірақ бүгінгі қазақстандық алаңда әлеуметтік конфликттерді эскалацияға жеткізбей, бітімгершілік жолымен шешудің тәжірибесін кеңейту маңыздылығы артуда.

Қазіргі таңда конфликттер менеджменті бойынша айтарлықтай теориялық білім мен тәжірибелер жүйеленген. Ғылыми, сараптамалық дерек көздерінде конфликттер менеджментінде бітімгершіліктің негізгі қағидалары бойынша кәсіби дискуссиялар жүруде.

## **Ғылыми зерттеу әдісі**

Конфликттерді реттеу мәселелері адами қарым-қатынастармен, тараптардың ішкі-сыртқы күйзелістері және проблемаларымен байланысты болуы бітімгершілік үдерістерін үнемі зерделеуді, жалпыға

ортақ, әр кезде де қолданылуға тиімді ережелерді сараптауды қажет етеді. Соңғы жарты ғасырда әлем елдерінде бітімгершілік үдерісінің негізгі қағидалары нақтыланып келеді. Бұл өзгерістер ғылыми және сараптамалық әдебиеттерде көп талқылануда. Мақаланы әзірлеуде бітімгершілік қағидалары бойынша талдау жүргізілген зерттеулер сараланды. Айталық, британдық зерттеушілер А. Керл, Д. Джонс, Д. Бартон, Т. Варинен, К. Бердсли, Д. Куинн, Б. Бисвас, Дж. Виленфильд, американдық зерттеушілер Л. Рискин, К. Муре, П. Ворлич, неміс зерттеушілері Р. Маркус, Д. Гердан, М. Хильбер сынды авторлардың мақалалары және басқа да ауқымды еңбектері қарастырылды.

Бітімгершілік үдерісінің дәстүрлі қазақ қоғамында билер институты арқылы жүзеге асырылуын ескере отырып, аталмыш билер институтының жұмыс істеу механизмдерін ғылыми тұрғыда сараптауға айтарлықтай үлес қосқан С. Зиманов еңбектері зерделенді. Бітімгершілік мәселелеріне қатысты басқа да отандық зерттеулер қазіргі таңда жеткілікті. Мақаланы дайындау барысында тарих бағыты бойынша Ж. Мажитова, А. Райымбекова, Ж. Жабағина, құқықтану бағыты бойынша А. Бакирова, С. Асанова, психология бағыты бойынша З. Садвақасова, Н. Садыкова, философия тұрғыдан С. Шакиров, Ф. Мусатаеваның жұмыстары негізге алынды.

Сонымен қатар, бітімгершілік үдерісінің қағидалары жүйеленген ресми құжаттар, ұсынымдар түріндегі әдебиеттер негізге алынды. Айталық, Біріккен ұлттар ұйымы тарапынан әзірленген нұсқаулық, Қазақстан Республикасының «Сот төрелігінің жеті түйіні» Мемлекеттік бағдарламасы негіз болды.

Бітімгершілік қағидалары бойынша шетелдік зерттеушілер, бейбітшілікті дамытушы халықаралық ұйымдардың құжаттары, отандық зерттеушілердің еңбектері салыстырмалы тұрғыда зерделенді. Бітімгершілік үрдістерін жүзеге асырудағы әдіс-тәсілдерге талдау жасалды. Аталмыш әдебиеттерде бітімгершілік үдерісін жүзеге асыруға негізделген қағидалар жүйелеу әдісімен бағамдалды. Сонымен қатар, қазіргі кездегі халықаралық деңгейде бітімгершіліктің тиімді жүзеге асуына қатысты іріктеліп алынған, көптеген мемлекеттер тарапынан мақұлданған негізгі қағидалар мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының қызметіндегі басты шарттар компаративистикалық әдіспен зерделенді. Талдау әдісі негізінде бітімгершілік қағидаларының теориялық негізі тұжырымдалып, жалпы заңдылықтар мен үрдістері бөліп көрсетілді.

### **Зерттеу мақсаты**

Елімізде әлеуметтік конфликттерді келісімге келу жолдарымен шешуге деген нақты қажеттілікпен қатар, бітімгершілік феноменін ғылыми зерделеуге сұраныс айтарлықтай артып келеді. Бұл азаматтық қоғамды дамытумен, нарықтық қатынастар қарқындылығы және әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі өзгерістермен байланысты. Бітімгершілік үдерісінің өзі ауқымды құбылыс болғандықтан, оның теориялық негіздерін зерделеу де, пәнаралық, атап айтқанда, философиялық, әлеуметтанулық,

---

экономикалық, тарихи, психологиялық білімдердің жүйелі үйлесімділігіне негізделуі қажет. Бітімгершілікті ғылыми тұрғыда зерттеу оның құрылымы, әлеуметтік функциялары, даму кезеңдері, алғышарттары, жүргізу нысандары, әлеуметтік жауапкершілік, әлеуметтік әділеттілік, мәдениет және олардың қоғамдағы өзара байланысы сияқты мәселелерді қамтиды.

### **Зерттеу нәтижелерін талқылау**

Қазіргі кездерде ғылыми әдебиеттерде әлеуметтік конфликттерді қоғамның функционалды процесстерінің бірі ретінде мойындап қарастыру үрдістері кеңеюде. Халықаралық тәжірибеде әлеуметтік конфликттерді өзара қарым-қатынастардағы белгілі бір әлеует деп қарастырып, оларды шешудің технологиялары жүйеленіп келеді.

Конфликттерді шешудің заманауи тұжырымдамалары конфликттерді шешудің дәстүрлі әдістеріне айтарлықтай әсер ететін факторларды теориялық талдауға негізделген. Сонымен қатар, олардың шеңберінде келіссөздер процесінің барлық нәтижелерінің типологиялары ғана емес, сонымен қатар оңтайлы келіссөздер жүргізу бойынша тәжірибелік ұсыныстар жасалады. Сондай-ақ, саяси және халықаралық конфликттерді реттеуде сыртқы күштерді сауатты қолдану үшін жағдайды талдаудың белгілі бір схемалары жіктеледі.

Конфликтті шешу процесі күрделі және бірнеше деңгейді қамтиды, бұл процесс мақсаты конфликтті тоқтатуға, шешуге немесе өзгертуге бағытталуы мүмкін. Конфликттердің трансформациясы – бірнеше қатысушы субъектілерді қамтитын икемді, ұзақ мерзімді, көп деңгейлі және динамикалық процесс болып табылады. Конфликттерді келісім негізінде реттеуге бағытталған ғылыми-сараптамалық әдебиеттерде бітімгершілікті әр түрлі деңгейде жүзеге асыратын адамдар мен топтардың жіктелулері бар. Айталық, зерттеуші Н. Соломатина қысқа, орта және ұзақ мерзімді қарым-қатынастар шеңберінде конфликттердің бірінші, екінші және үшінші деңгейлерінің қызметін жүзеге асыратын бітімгершілер туралы концепцияларға жете тоқталады. Қазіргі таңда конфликттер трансформациясына қатысты кәсіби әдебиеттерде бітімгерді бірінші және екінші деңгейдегі деп жіктеу орын алады. Бірінші деңгейдегі бітімгерлер ретінде ресми көшбасшылар, екінші деңгейдегі бітімгерлер деп белгілі бір саладағы тәуелсіз сарапшыларды, жіргілікті және халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін ұйғарады. Сонымен қатар, бейбіт даму және гуманитарлық көмек көрсету саласындағы үкіметтік ұйымдар өкілдері үшінші деңгейдегі бітімгершілер деп қарастырылады. Осылайша, қазіргі таңда әлеуметтік конфликттерді бейбіт шешу технологиялары айтарлықтай дамып, ғылыми-сараптамалық дерек көздерінде бітімгершілік жүзеге асырудың теориялық негіздері жүйеленіп келетіндігін аңғаруға болады.

Ұсынылып отырған мақалада бітімгершілікті жүргізудің негізгі қағидалары тұжырымдалған шетелдік авторлар еңбектері, халықаралық деңгейде мойындалып отырған мекемелердің ресми құжаттары және отандық зерттеуші-ғалымдардың жұмыстарындағы түйіндер сәйкестігін байқаймыз. Яғни, халықаралық деңгейде заманауи тұрғыда жүйеленген



бітімгершілік қағидалары дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтына қойылатын талаптармен үндеседі.

XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ даласындағы жүзеге асырылған реформалар, одан кейін XX ғасырдың 20-шы жылдары қоғамды қайта құру бойынша саяси өзгерістер қазақ даласында дәстүрлі билер институтының әлсіреуіне, кейін тіпті жойылуына әкелгені белгілі.

Бүгінгі таңда қазақстандық қоғамдағы билер институтын әлеуметтік конфликтті азайта алатын, сот ісін жүргізуді жеңілдететін институт ретінде жаңғыртуға деген қызығушылық өзекті. Әрине, қазіргі жаһандық үдерістерде таза дәстүрлі қазақи тұрғыда билер институтын жандандыру қиын, тіпті мүмкін емес деуге болады. Бірақ қазіргі кездегі қазақстандық қоғамдағы орын алып отыратын әр түрлі әлеуметтік конфликттерді келісім арқылы шешуде, мемлекеттік билік пен халық арасындағы сұхбаттастықты жетілдіруде бітімгершілердің рөлі артып келетіндігі сөзсіз. Бүгінгі таңда мұны құзырлы сарапшылар, қоғам қайраткерлері және үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асыра алады. Осыған орай, заманауи қазақстандық қоғамда әлеуметтік конфликттерді еңсеруде бітімгершілік қызметтің негізгі халықаралық стандарттары мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының негізгі ұстанымдарының консенсусында жүзеге асыру қажеттілігін өзекті деп түсінеміз.

### **Зерттеу нәтижелері**

Бітімгершілік мәселелерін ғылыми-сараптамалық тұрғыда зерделеу барысында, зерттеушілер мен сарапшылар бітімгершіліктің шартты түрде екі негізгі тәсілін жіктегендігі байқалады. Шетелдік зерттеушілердің теориялық жұмыстарында *фасилитативті* және *бағалау* тәсілдер туралы айтылады [1].

*Фасилитативті тәсіл* тұрғысынан заманауи конфликттердің қайнар көздері мәдени, тілдік, діни және т.с.с. тұлғалық бірегейлікпен тығыз байланысты. Бұл маркерлер адамның жан дүниесіндегі нәзік түйсіктермен, сезімдермен байланысты болғандықтан, мұндай мағынада орын алатын конфликттерді бірден заң нормаларымен бас салып шешу тиімді бола бермейді. Бұл тәсіл нәтижелілігі әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерді негізге алу арқылы жүзеге асырылуы ықтимал [2]. Кейбір зерттеушілердің пікірінше бітімгершіліктің фасилитативті тәсілі әр түрлі мәдениет, дін, тіл өкілдерінің арасында өзара сыйластыққа негізделетін, локальді емес, кең қарым-қатынастар жүйесін құруға бағытталады [3].

Бітімгершілік мәселелерін мемлекетаралық деңгейде жүзеге асыруға, ықпалдасуға құрылған Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропалық комиссия және тағы басқа халықаралық ұйымдардың құжаттамаларында фасилитативті тәсіл *«ынталандыру бітімгершілігі»* деп кездеседі. Кейде бұл тәсілді *«алтын ереже»* деп атайды [4]. Зерттеуші Л. Рискин бұл тәсілді конфликтке түскен әрбір тарап оны күйзеліске әкелген мәселені толыққанды өзі ғана білетінін, мойындауға негізделетін әдіс деп тұжырымдайды [5]. Яғни, конфликтке түскен әрбір тарап мән-жайды өзі ғана тиісті деңгейде біледі. Сондықтан, бітімгер еш тарапқа олардың мәселелерін түсіндіруге



тырысып әуреленбеуі тиіс. Бұл арада бітімгер назары сенім мен қарым-қатынасты біртіндеп қалпына келтіруге, процесс барысында тараптарды бір-бірінен ажыратпай, оларды жақындастыруға бағыттауы қажет. Мұндай жағдайда бітімгер мәселелерді шешу үшін жауапкершілікті тараптардың өздеріне жүктейді және олардың мәмілеге келуіне ықпалдасады, тиісті сұрақтар қояды, негізгі мәселелер мен ұсыныстарды анықтайды, сондай-ақ айтылған мүдделер негізінде шешімдер табуға «мүмкіндік береді».

Демек, бітімгершілікті фасилитативті немесе ынталандыру тәсілі негізінде жүргізу нақты шешім қабылдауға жеткізбесе де, тараптар қарым-қатынастарының едәуір жақсаруына септігін тигізеді.

Қазіргі таңда көптеген елдерде жаһандық үдерістердің ықпалынан ұлт, дін, тіл тұрғысындағы ерекшеліктер жойылу қаупінде. Әлемде шартты түрде жаһандық біртектілікті құптау және ұлттық, діни, тіл бірігейлігінің тазалығын сақтап қалу үрдістері қатар жүруде. Кейде өзіндік ерекшеліктерді сақтау мәселелері, қайшылықтары әлеуметтік конфликттерге әкеледі. Қоғамдағы өзгерістер әлеуметтік конфликттердің өршуіне себеп болуы мүмкін. Сондықтан бітімгершілік институтының өзектілігі жергілікті және халықаралық шеңберде артуы орынды.

Зерттеуші А. Керл «фасилитативті немесе ынталандыру бітімгершілігі – халықаралық деңгейде мойындалған бітімгершілік үдерісінің бейтараптық, құпиялық және өзін-өзі анықтау қағидаларында нақты көрініс табатын тәсілі» – дейді [6].

Қандай да бір конфликтте манипуляцияларды қолдану бітімгершіліктің мәнін кетіретіндігі белгілі. Зерттеуші А. Керл бітімгершіліктің келесі түрін, яғни, бағалау тәсілін сынға алады. Басқа да зерттеулерде *бағалау тәсілін* «саяси билік тәсілі» немесе «манипулятивті тәсіл» деп атайды [7]. Л. Рискин *бағалау тәсілі бойынша* «бітімгер конфликт тараптарына мәселеге айналған тақырыпты тыңғылықты сараптай алатындай қабілетке/құзыретке ие болуы тиіс» – деп тұжырымдайды [5].

Бұл тәсілге сәйкес бітімгершілікті жүргізу барысында тиісті нәтижеге қол жеткізу үшін бітімгер тыңғылықты зерттеу жүргізіп, қажетті құжаттар мен дәлелдерді жинақтау керек. Ол кезде бітімгер тараптарға бір-бірінен бөлек болуды, яғни, қарым-қатынас жасамауды, тіпті көріспеуге ұсыныс беруі қажет. Халықаралық құжаттарда мұны *шаттл дипломатиясы* деп атайды [7]. Бітімгер тиісті ақпараттарды, құжаттар мен дәлелдерді жинақтаған соң әр тараптың күшті және әлсіз жақтарын бағалайды, шешімдер бойынша ұсыныстар жасайды және тараптарды өзі жасаған нәтижелердің бірін қабылдауға белсенді түрде шақыруы тиіс.

Конфликттер мен оларды реттеу бойынша ғылыми-сараптамалық әдебиеттерде сыни пікірлер де кездеседі. Мысалы, зерттеуші Джонс бітімгершілікті құрылымдық теңсіздік пен билік асимметриясының мәселелерін шешпейтін іс-шаралар деп санайды. Оның пайымдауынша конфликттерді нақты шешуде бітімгершілік тиісті құрал бола алмайды. Конфликттің шешімі туралы «уақытша елесін» ғана қалыптастырады деген пікірді ұстанады. Қайшылықтың негізінде жатқан мәселелер құрылымдық

тұрғыда шешілмей, әр түрлі интерпретациялар мен коммуникацияларға назарды аудартып жібереді деп сынады [2].

Зерттеуші Ковачтың пікірінше бітімгершіліктің сәттілігі бітімгерші рөлімен тікелей байланысты [1]. Оның ойынша бітімгершінің қабілеті, құзыреті, беделі қандай болса да, ол нақты тірі жан, адам болғандықтан, оның таза бейтараптылығы күмәнді болмақ. Сәйкесінше, бітімгершілік процесінде оған екі тараптың да сенімді болуы қиын мәселе деп санайды [6].

Сонымен, іс жүзінде сарапшылардың көпшілігі бітімгершілік процесінің әртүрлі кезеңдерінде екі тәсілді де қолдануды ұсынады. Яғни, теория тұрғысында әдіс-тәсілдерді жік-жікке салып зерделеу қажет болғанымен, іс жүзінде теориялық білім мен тәжірибенің үйлесімді компеляциясы маңызды. Жоғарыда келтірілген зерттеушілер пікірлерінен келіп, бітімгершіліктің бірінші тәсілі, яғни, фасилитативті, процеске бағытталса, екінші, яғни, бағалау тәсілі үшін нақты нәтиже маңызды деп түйіндеуге болады. Сонымен қатар, фасилитативті тәсіл мемлекеттің ішінде орын алып отыратын әлеуметтік конфликттерді шешуде тиімдірек болса, бағалау тәсілі мемлекеттер арасындағы саяси конфликттерді бейбіт жолмен реттеуде неғұрлым оңтайлы шешім бола алады.

Қазіргі кездегі қолданыстағы мағынасында бітімгершілік әлем шеңберінде ХХ ғасырдың екінші жартысында жүзеге асырыла бастады. Әуелінде, англо-саксондық құқық жүйесіндегі Ұлыбритания, АҚШ, Австралияда, кейін Еуропа елдерінде тарала бастады. Қолдану аясы алғашында отбасылық конфликттерді реттеуден басталып, кейін коммерциялық және қоғамдық қайшылықтар саласындағы кең ауқымды мәселелерді шешуде кеңее түсті.

Қазіргі таңда бітімгершілік процедураларын жүргізу көптеген елдерде құқықтық, нормативтік тұрғыда ресми бекітілген. «Медиация және құқық бойынша ғылыми-әдістемелік орталығы» сайтында бірнеше елдерде қабылданған ресми құжаттамалар бойынша шолу ақпараты берілген [8]. Айталық, Еуропалық комиссия медиатор кодексін бекіткендігі белгілі. Ал Еуропалық Одақ медиаторлардың қызметін реттейтін бірқатар директиваларды қабылдады. Бітімгершілікті жүргізу бойынша Біріккен ұлттар ұйымының сауда құқығы жөніндегі комиссиясы (UNCITRAL) арнайы заң жобасын әзірлеген.

АҚШ тәжірибесі өз алдына: мұнда конфликттердің басым көпшілігін сотқа жеткізбей шешу үшін барынша қызмет көрсету саласы дамып, соттың өзі тараптарға бітімгершілікке жүгінуге кеңес бере алады. Тіпті, экономика, саясат, бизнес салаларындағы келіссөздер әуел бастан бітімгершілердің қатысуымен жүргізу тәжірибесі бар [8]. Яғни, мемлекеттік және жеке бітімгершілік орталықтарының жұмыстары жүргізіледі. Бітімгершілік мәселелері бойынша тұрақты түрде жарияланымдар жарық көріп отырады.

Ұлыбританияда медиатордың көмегіне жүгінуге тәжірибесі кең тараған. Тіпті, әлеуметтік конфликт орын алған жағдайда конфликтке түскен тараптардың кез келгені мемлекеттің кез келген жерінен телефон соғып, конфликтті сипаттап, оны шешуге жәрдемдесетін бітімгерші бойынша талаптарын ұсынып айтуға болатын жедел желілер де қызмет жасайды [9].

---

Германияда бітімгершілік институтының жұмысы Әділет жүйесіне үйлесімді енгізілген. Бітімгершілер тіпті тікелей соттарда жұмыс жасайды. Ал, заң саласында жоғарғы білім алушылардың барлығы міндетті түрде медиация бойынша курстарды оқып жығуы қажет.

Австрия болса, бітімгершілікті жүргізу бойынша заңды 2004 жылы қабылдап, қазіргі кезде «медиатор» дегенді мамандықтар номенклатурасына арнайы енгізген елдердің бірден бірі болып табылады [8].

Қарап отырсақ, қазіргі таңда әлем елдерінің көпшілігінде бітімгершілік процесін реттеу бойынша жұмыстар алға қойылған. Әр елде өздігінше реттеу тәжірибелері қалыптасуда және арнайы құжаттармен рәсімделуде.

Еуропадағы қауіпсіздік және ыңтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ) конфликттердің алдын алу, шешу мақсатында саяси делдалдылық пен бітімгершілік мүмкіндіктері саласында айтарлықтай тәжірибесі жинақталған. 1975 жылы ұйымға қатысушы мемлекеттер Хельсинки қорытынды актісін қабылдап, оның негізінде конфликттерді келіссөздер, делдалдық, аралық сот сияқты бітімгершілік әдіс-тәсілдерімен шешуге тырысатындықтарына келісім берген. 1992 жылы аталмыш ресми құжатқа сәйкес ЕҚЫҰ құрылымдары күшейтіліп, оның конфликттердің алдын алу, дағдарыстарды реттеу және жанжалдарды шешу саласындағы функциялары кеңейтілді [10].

Дегенмен, жаһандық алаңда мемлекеттер арасындағы туындап отыратын конфликттерді іс жүзінде бітімгершілік әдіс-тәсілдерімен шешу қиынға түсіп жатады. Мұнда геостратегиялық мүдделер, конфликттер тереңдігі, масштабтары едәуір ықпал етеді. XX ғасырдың соңы бейбіт ұрандарын ресми бекіткен құжаттармен рәсімделгеніне қарамастан, XXI басынан бастап күні бүгін де әлемде әр түрлі локальді конфликттер өршуде. Көптеген елдерде мемлекеттер ішіндегі, мемлекеттер арасындағы конфликттер соғыстарға айналуына әбден мүмкін екендігіне көз жеткізіп отырмыз.

Сондықтан, заманауи мемлекеттер үшін олардың өз ішінде орын алып жататын конфликттерді реттеуде бітімгершілік әлеуетіне жүгінуі оңтайлы нәтижелер беруімен қатар, шығындарды азайтумен тартымды деуге болады. Соңғы кездері бітімгершілік тиімділігін көптеген мемлекеттер, халықаралық ұйымдар мойындап келеді. Көптеген халықтардың төл мәдениетінде бітімгершілік арсеналдары да ғасырлар бойы қалыптасқандығы да жаңалық емес. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамында билер, ақсақалдар, жыраулар институттары осындай функцияларды атқарып келген. Бүгінгі қазақстандық қоғам үшін дәстүрлі қазақ қоғамындағы бітімгершілік әлеуеті мен заманауи бітімгершілік стандарттарын бір-біріне жақындастыру маңыздылығы өзекті деген пікірдеміз.

Бітімгершілік – сотқа жүгінуден гөрі жылдам әрі шығындар бойынша арзан процесс болып табылады. Себебі, жүйелі түрде жүзеге асыралатын бітімгершілік процесінде тараптар тең құқықы болады, еркін түрде өздерінің пікірлерін, алаңдатып тұрған мәселелерін ортаға сала алады. Бітімгершілікке жүгінуде мәселе толыққанды шешімін таппаған жағдайдың

өзінде бұрынғы қарсыластар арасында қарым-қатынас жақсаруы мүмкін, яғни, конфликт деңгейі төмендейді [11].

Біріккен ұлттар ұйымының тарапынан әзірленген бітімгершілік процестерді дайындау, тиімді жүргізу бойынша нұсқаулық құжат әзірленген. Онда бітімгершілік қызметтің логикалық схемасы, бітімгершілікті жүзеге асырушы медиатор немесе делдал немесе бітімгершінің қызметіндегі негізгі қағидалар іріктелген. Олар: бітімгершілік процесіне өз еркімен қатысу, бітімгершінің бейтараптылығы, конфиденциалдылық, яғни, құпиялылықты сақтау, бітімгершілік процесіне қатысушылардың анық позицияларда болуы, процесс барысында мүдделер қақтығысын болдырмау, бітімгершінің құзыреттілігі (алдын ала дайындық), процеске қатысушылардың қауіпсіздігі, процесс сапасы деген қағидалар. Нұсқаулық ұсыныс ретінде әзірленген. Әрине, әрбір мемлекет өзі үшін қағидалар жүйесін кеңейтуге немесе қысқартуға құқылы [12].

Бітімгершілік үдерістеріне арналған әр түрлі ғылыми-сараптамалық әдебиеттерде бітімгершіліктің негізгі төрт қағидасына база назар аударылады. Ол мынадай қағидалар: бітімгершілікке өз еркімен қатысу, бейтараптық, құпиялылық, мүдделер қақтығысын болдырмау. Сарапшылардың басым көпшілігі бұл қағидағардың бірі болмаса, бітімгершілік процесі бұзылды деп санауға болатындығын ескертеді. Ұсынылып отырған мақалада бітімгершіліктің негізгі төрт қағидасы тиісті дерек көздерінде қалай тарқатылып талданатындығы зерделенеді.

*Бірінші қағида:* бітімгершілік процесі келісім негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Яғни, бітімгершілікке конфликтке түскен тараптар да, бітімгерші де өз еркімен қатысуы тиіс. Бітімгершіліктің сот процесінен басты ерекшелігі – тараптардың өз еркімен қатысуы. Яғни, сотта сияқты тараптар қатысуға мәжбүр емес. Тараптар бітімгершілікке өз бастамалары негізінде қатысып, кез келген уақытта қатысудан бас тарта алады.

Бітімгершілік процедуралары тараптар арасында келісім болған жағдайда ғана басталуы тиіс. Орын алған әлеуметтік конфликтті бітімгершілік жолымен шешу тараптардың өздерінің саналы таңдауы болуы тиіс. Егер тараптарға қандай да бір қысым көрсетілсе, бітімгершілік процедурасының мәні жоғалуда деп санауға болады. Бітімгершіліктегі үшінші тарап, яғни, бітімгер, конфликтті осы жолмен шешудің артықшылықтарын тараптарға барынша түсіндіруі керек. Сонда тараптар да өз еріктерімен процеске тартылады. Тараптардың әрқайсысы да кез келген уақытта қалауларынанша келіссөзді тоқтатуға құқылы. Қатысушылардың әрқайсысы келіссөздің кез келген кезеңінде процессті тоқтатуға болатындығын әуел бастан білулері керек.

Сондай-ақ, бітімгер немесе медиатор тараптардың бір шешімге келуден бас тартып жатқандығын байқаса, конфликт әуелгіден гөрі ушығуын аңғарса, келіссөзді тоқтатуы тиіс. Өйткені бірінші қағидаға сәйкес ешкім ешкімге қысым көрсетпеуі тиіс.

Кейбір авторлар/кейбір құжаттарда келісімді кезең-кезеңмен беруге болатындығына назар аударады [7]. Алдымен ол жеке мәселелерді талқылаумен шектеледі, содан кейін ғана неғұрлым жан-жақты

бітімгершілік процесіне таралады. Келісім айқын түрде немесе бейресми арналар арқылы білдірілуі де мүмкін.

Мысалы, австриялық доктринада бітімгершілікке ерікті түрде қатысу қағидасына ерекше назар аударады. Оны бірінші және негізгі қағида деп есептейді. Австрияның азаматтық құқық саласындағы заңнамасында бітімгершілік қағидалары заңды түрде қорғалады. Келіссөзден бас тартқан тарапқа қатысты ешқандай санкциялар қарастырылмауы заңды түрде қамтамасыз етіледі [13].

*Бейтараптық қағидасына* сәйкес бітімгерші қақтығысқа түскен тараптарды бөлмей, оларға бірдей көзқараста болуы тиіс, тараптардың ешқайсысына сыни көзқарас танытпауы тиіс [14]. Бітімгершілік процесі әр тарапқа әділеттілік пен олардың көзқарастары құрметтелетіндей теңдікке негізделген процесс ретінде жүруі қажет. Ғылыми-сараптамалық құжаттарда конфликтті шешуге қатысатын үшінші жақ, бітімгерді әдетте ерекшелеп «бейтарап үшінші жақ» деп айту жиі кездеседі [6]. Бітімгершінің бейтараптығы, шынымен де, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Әрине, адам ретінде оның әр түрлі индентификациялары, мүдделері болғанымен, дәл конфликтті талдау барысында бітімгер бейтараптылығын толықтай жүзеге асыруы тиіс. Бейтараптылықты әдетте бітімгершілік процесінің маңызды фундаменти деп сипаттайды.

Тараптар саналы түрде бітімгерші көмегіне конфликттің ушығып бара жатқандығын сезгендіктен жүгінеді. Яғни, конфликт тараптары үшін бітімгер белгілі бір деңгейде оларға өз-өздеріне, өз араларында сенімділікті қалпына келтіруге ықпалдасатын тұлға болуы тиіс.

Зерттеуші Муренің ойынша, бітімгер, әдетте, қақтығыс саласына қандай да бір деңгейде қатысты қызметте болмауы тиіс деген пікірді ұстанады [14]. Бірақ бұл арада бітімгердің құзыреттілігі, қақтығыс тақырыбын тиянақты білуі күмән туғызуы мүмкін.

Сонымен қатар, бітімгершіліктің бейтараптылық қағидатының кеңілдігі бітімгердің немесе медиатордың конфликтті реттеу үшін қақтығыс тараптарынан да, бітімгершілік процесін үйлестіруші тараптан да ешқандай өтемақы алмауымен қамтамасыз етілетіндігі маңызды.

*Құпиялылық қағидасы* бітімгершілік процесінің тағы да бір маңызды қағидасы болып табылады. Бітімгер келіссөз жүргізу барысында өзіне белгілі болған ақпаратты жария етпеуге міндетті. Осы ережеден кез келген ауытқулар тараптарға анық түсіндірілуі керек. Бітімгердің құпиялылық шартын ұстануы тараптар мен бітімгердің арасындағы шарттық қатынастардан келіп туындайды. Бірақ тараптар конфликтке қатысты ақпараттарды құпия етуден өз еріктерімен бас тарта алады [15]. Бұл арада, келіссөз процесінің дайындығы мен тікелей жүзеге асуы барысында құпиялылық қағидасынан тараптардың бас тартуы сыртқы ортаға таралатын ақпараттардың әр түрлі интерпретациялары конфликттің одан әрі ушығуына әкеліп соғатын тәуекелдерді де ескеру қажет.

Келіссөздің құпиялылығын қорғау міндеттемесі бітімгерге ғана емес, сонымен бірге бұл процеспен қандай да бір дәрежеде байланысты адамдарға да қатысты [16]. Мысалы, егер бітімгер тараптармен өз

кеңесінде кездесе, құпияны сақтау міндеті істің егжей-тегжейін білуі мүмкін компания қызметкерлеріне де жүктеледі. Айталық, бітімгердің хатшысы келіссөздің транскриптісін жазуы мүмкін. Бұл арада құпиялылық шарты оған да тарайды. Немесе қандай да бір жас мамандар бітімгер ретінде тәжірибесін жинақтау үшін ғана келіссөз процесіне қатысса, олар да құпиялылықты сақтауға міндетті.

Кейбір зерттеушілер бітімгершілік процесіндегі құпиялылық деңгейлерін де ажыратады. Айталық, келісілген құпиялылық, заңды құпиялылық, кәсіби құпиялылық [17]. Құпиялылық қағидасы тараптардың сенімділігін арттырады. Сондықтан да, бітімгер конфликтті реттеуге қатысқанда қандай ақпарат, мәлімет білсе де, тараптарды сөгіп немесе сот секілді үкім шығарушы ретінде әрекет етпеуі тиіс. Себебі, бітімгер сот емес, қақтығыс тараптарын мәмілеге келістіруші жақ болып табылады. Осылайша, құпиялылықты сақтау қағидасы сенімділіктің артуымен тікелей байланысты деп түйіндеуіміз.

*Мүдделер қақтығысын болдырмау:*

Бітімгершілікті жүргізудегі маңызды қағидалардың бірден-бірі – мүдделердің қақтығысын болдырмау. Көптеген кәсіби әдебиеттерде осы қағидаға да ерекше назар аударылады. Мүдделер қақтығысын болдырмау қағидасы бейтараптылық қағидасымен тығыз байланысты екендігі байқалады. Зерттеушілер бейтараптылық қағидасында бітімгердің конфликт тараптарына, олардың заңгерлеріне, өкілдеріне қатынасы негізге алынса, мүдделер қақтығысы қағидасында этикалық дилеммалардың орын алу мүмкіндігі ескеріледі деп пайымдайды. Мысалы, бітімгер қақтығысқа дейінгі кез келген уақытта, тіпті бұрынғы кезде құқықтық немесе психологиялық, т.б. қызметтер көрсетсе, бұл, сәйкесінше, әділетті шешім қабылдауға кедергі болуы мүмкін [6]. Құқықтық немесе бітімгершілік кеңестері бойынша қызмет көрсету орталықтары немесе жеке мамандар бірнеше жыл өткен соң мүдделер қақтығысы дилеммасына жиі ұрынатындығы орын алады.

Жоғарыда талданған қағидалардың қатаң орындалуы бітімгершілік процесін тиісті деңгейде жүргізу үшін маңызды. Әрине, бұл қағидалар келіссөз жүргізетін бітімгер, яғни, нақты тұлғаның бойында болуы тиіс қасиеттер мен құзыреттіліктер деп түсінеміз. Зерттеуші Керл жұмыстарында бітімгер конфликттерді реттеу барысында бір емес, бірнеше рөлді қатар орындайтындығын жазады. Атап айтқанда, зерттеуші бітімгерлердің төрт рөлін жіктейді:

- Бітімгер конфликтке түскен тараптардың арасындағы байланысты орнату, қолдау көрсету қызметін жүзеге асырады;
- Бітімгер конфликтке түскен тараптарға өзара ақпарат, мәлімет алмасуға жәрдемдеседі;
- Конфликтті реттеу барысында бітімгер тараптардың әрқайсысымен мүмкіндігінше достық қарым-қатынастарын орнатуға бағытталады. Сол арқылы тараптар арасында өзара сенімділік артуы мүмкін.
- Бітімгер мүмкіндігінше белсенді болуға ынталану қажет. Яғни, бітімгер конфликтті реттеу процесіне қатысуда салқындылық танытпай,



---

бейбіт нәтижеге келуге вербалды және бейвербалды іс-қимылдарды жүзеге асыруы абзал [6].

Сонымен, бітімгершіліктің сәтті өтуіне кепілдік болатын қағидалардың бірі жүзеге аспаса немесе немқұрайлықпен шигерілсе, онда бітімгершілік процесінің өзі бұзылды деп ұғыну керек. Негізгі қағидалардың өзара бірлігі мен реттілігі бітімгершілік процесінің тұғырнамасы болып табылады.

Жоғарыда талданған зерттеулер мен ресми құжаттарға сүйене отырып, бітімгершілік процесінің сәттілігі немесе сәтсіздігі бірнеше қағидаларға негізделетіндігін тұжырымдаймыз. Қағидалар бітімгершілік процесінің жүйелі жүруін қамтамасыз ететін нормалар деп ұғынуға болады. Дегенмен, бірінші кезекте, бітімгершілік деген – адамдардың арасындағы қарым-қатынастың бір түрі екендігін ескерген жөн. Сондықтан бітімгер конфликт мәнін зерделеуде суық ақылмен қарай отырып, конфликтті тараптарын іштей күйіндіріп тұрған мәселелерді дер кезінде сезе білуі қажет. Әрине, бұл арада бітімгердің психология, кинетика, нейробиология сияқты салаларда да хабардар болуы артық болмайды. Сондықтан, бітімгер ролі теориялық білім мен тәжірибені үздіксіз жетілдіріліп отыруы қажет.

Назарды әлемдік контексттен қазақстандық болмысты зерделеуге аударатын болсақ, елімізде бітімгершілік институтын даму туралы дискурстар мен бастамалар орын алып келеді. Ол үшін жаңадан ештеңені ойлап, жасақтаудың қажеті жоқ. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтын заманауи халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, жандандыру маңыздылығы біраз талқыланып, бірқатар тәжірибелер де елімізде орын алуда.

Дәстүрлі қазақ қоғамында билер институты әуелінде дауласып қалған адамдар арасында делдалдық қызмет атқарып, қазіргі тілмен айтқанда, бітімгер немесе медиатор ролін жүзеге асырған. Академик С. Зиманов «би» ұғымын сонау түркі халықтарының қалыптасу тарихымен, түркі халықтарында «билік» концептісінің жүйеленуімен байланыста толыққанды талдап жазады [18]. Яғни, осыдан келіп қазіргі кезде де қоғамда биліктен әділдікке негізделген қызметті күту «би» деген ұғымның түбірінде әділдік идеясымен ұласады деуге болады. С.Зиманов билердің құқықтық ауыртпалығы оңай болмағандығына назар аударады. Өйткені, дәстүрлі қазақ қоғамында билер әкімшілік биліктен тәуелсіз болып, «ар-ұждан сотынын» қызметін атқарып, заң шығарушы билік ролін де жүзеге асырған болатын. Сондай-ақ, билер өз елінің тарихи-мәдени ерекшеліктерінің мән-жайымен қатар дала заңын (адат) тиянақты білуі қажет еді [18, 46-47 бб.].

Зерттеуші Ж. Мажитова кейіннен билер институтының беделі мен мәртебесі артқан соң ол, айталық, сұлтандар сияқты, дәстүрлі қазақ қоғамының белгілі бір тобын құрғандығын тарқатып жазады [19].

Соңғы кездері Қазақстанда билер институтының проблемасына деген қызығушылық ұлттық бірегейлікті, тарихи өткен кезді объективті қалпына келтіру жолдарын зерделеумен байланысты қоғамдық ортада теориялық және тәжірибелік тұрғыда үлкен қызығушылық тудыртып келеді.



2018 жылдан бері елімізде әкімдіктер (жергілікті атқарушы басқару органдары) жанындағы консультативтік-кеңесші органға айналған кеңес түріндегі билер институты барлық өңірлерде жандана бастады [20].

Билер кеңесінің жандануы бүгінгі қазақстандық қоғамдағы әлеуметтік конфликттерді шешуде ықпалдасуға, соттар жұмыстарын жеңілдетуге бағытталады. Заманауи билер кеңесі қызметінің ресми құжаты – Мемлекеттік бағдарламада «мінсіз сот» бейнесі көшпелі қазақ қоғамындағы би бейнесінің прототипі болып табылады. «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасында мінсіз соттың бейнесі келесі қағидаларға негізделген. «Бірінші түйін» – әділдік, «Екінші түйін» – судьялардың тәуелсіздігі мен жауаптылығы. Бұл бағытта «Үлгілі сот» жобасы жүзеге асырылып, қазіргі кезде судья қызметіне тағайындалу үшін талаптар күшейтілуде. Аталмыш бағдарламада сотты жүзеге асырушы тұлғаның адамгершілік, жалпы этикалық қасиеттерінің жоғары деңгейде болуы, процесске қатысушылармен жоғары мәдениетті қарым-қатынас орната білуі, тиісті психологиялық әдіс-тәсілдерді игеруі, соттың шығарған шешіміне қатысушылардың көңілі толып, сенімділігі артатындай талаптар тыңғылықты жазылған [21]. Бұл талаптарды ескере отырып, ежелден бері дәстүрлі қазақ даласындағы билердің қасиеттері беріліп тұрғаны анық байқалады.

Бүгінгі қазақстандық қоғамда әлеуметтік конфликттерді сотқа жеткізбей келісім жолымен шешу мүмкіндіктерін қалыптастыру мәселесіне мемлекет тарапынан айтарлықтай назар аударылып отыр. Осылайша, билер кеңесі Қазақстанның дәстүрлі негіздерін ескере отырып, азаматтық қоғамның бір түрі екенін атап өтуге болады. Бұл бастамалар тәуелсіз үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйымдар тарапынан жүзеге асырылуда. Қазақстанда билер кеңесі мемлекеттің араласуынсыз мәселелерді шеше алады, кейде мемлекет жағдайды шешу үшін билер кеңесіне жүгіне алады. Осылайша, бүгінгі таңда Қазақстанда дәстүрлі институттар азаматтық қоғамның маңызды бөлігі болып табылады.

Билер сотының негізгі мақсаты әділеттілікке құрылған теңдікке негізделген шешім қабылдап, мүмкіндігінше тараптарды компромиске әкелу болып табылады. С. Зиманов еңбектерінде билер соты әділ шешім қабылдау арқылы заң шығару құқығына ие болғандығын түсіндіреді. Дәстүрлі билер сотын сипаттауда, билер қызметіндегі негізгі қағидалар деп бейтараптылық пен материалдық қызығушылықтың болмауына назар аударады [18]. Кезінде халық билерінің отырыстары көпшілік алдында өтіп, билер шешкен мәселелер, қабылдаған шешімдер халық тарапынан сөзсіз қабылданып отырған. Демек, бидің шешімі күмәнсіз әділ болған деп түсінеміз.

Дәстүрлі қазақ қоғамында билер институтының қызметіндегі келесі маңызды қағида бидің дауласушы екі тараптың қалауы бойынша сайлануы. Бұл туралы зерттеуші А. Бакирова мынадай деректерді келтіреді: сотты таңдауда қазақ даласында ешқандай шектеулер болмаған. Тіпті, дауласушылар өз дауларын шешу үшін кез келген адамды сол конфликтті шешу барысында өздеріне сот немесе би етіп сайлап алуға да құқылы

болған. Егер би тек бір тараптың қалауымен сайланса, одан шыққан шешімді әділетсіз деп санауға болатын еді. Әрине, келесі тарап жағынан наразылық білдіріп, шешімнің қайта қаралуын талап етуге мүмкіндігі болған [22]. Қарап отырсақ, бұл сот жүргізудің негізгі мақсатына сәйкес қоғамда әділеттілікке негізделген үйлесімділікке қол жеткізу мұратымен байланысты.

Шешілмей қалған конфликт, тиісті шешім қабылданбаған дау уақыт өте келе өршіп, кейіннен салдары күрделене түсуі әбден ықтимал. Сондықтан да, қазіргі қазақстандық қоғам үшін де ескіру мерзіміне қарамастан әлеуметтік конфликттердің сотқа жеткізбей қаралуы ертеңгі күнде ауқымды конфликттерді асқындырмаудың жолы деп ұйғаруға болады.

Сонымен қатар, дәстүрлі қазақ қоғамында егер дауласушы тараптар би шешімімен екеуі де келіспесе, шағымдануға құқылы болған. Бас тарту үшін келесідей шарттар ескерілетін: біріншіден, процесске қатысушылар арасында туыстық қатынастар болмауы керек. Екіншіден, тараптың біреуі мен сот (би) арасында бұған дейін араздық қарым-қатынастар орын алмауы тиіс. Үшіншіден, соттың (бидің) өзі, куәгерлер, алқабилер қаралып жатқан істің нәтижесіне мүдделі болмау керек. Төртінші, қатысушылар өзара достық немесе басқа қарым-қатынаста болмауы қажет. Бесінші, бұған дейін жалған ақпарат беріп, куәгерлігі күмән туғызған азаматтардың келіссөзден тұла бойы шеттетіледі [22]. Осылайша, билер соты қазақ қоғамында бітімгершіліктің әмбебап моделін ұсынған еді. Жалпы, әр түрлі қоғамдарда әр кезде де аралық сот қызметін уақытша жүзеге асырып, кейін қоғамның нақты бір институттарын қалыптастырған қауымдастықтар туралы деректер жеткілікті. Бұрақ аталмыш мәселе бұл мақала аясында қарастырылуы көзделмеген.

### **Қорытынды**

XIX ғасырдың соңынан бастап қазақ даласындағы жүзеге асырылған реформалар, одан кейін XX ғасырдың 20-шы жылдары қоғамды қайта құру бойынша саяси өзгерістер қазақ даласында дәстүрлі билер институтының әлсіреуіне, кейін тіпті жойылуына әкелгені белгілі.

Бүгінгі таңда қазақстандық қоғамдағы билер институтын әлеуметтік конфликтті азайта алатын, сот ісін жүргізуді жеңілдететін институт ретінде жаңғыртуға деген қызығушылық өзекті. Әрине, қазіргі жаһандық үдерістерде таза дәстүрлі қазақи тұрғыда билер институтын жандандыру қиын, тіпті мүмкін емес деуге болады. Бірақ қазіргі кездегі қазақстандық қоғамдағы орын алып отыратын әр түрлі әлеуметтік конфликттерді келісім арқылы шешуде, мемлекеттік билік пен халық арасындағы сұхбаттастықты жетілдіруде бітімгершілердің рөлі артып келетіндігі сөзсіз. Бүгінгі таңда мұны құзырлы сарапшылар, қоғам қайраткерлері және үкіметтік емес ұйымдар жүзеге асыра алады. Осыған орай, заманауи қазақстандық қоғамда әлеуметтік конфликттерді еңсеруде бітімгершілік қызметтің негізгі халықаралық стандарттары мен дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының негізгі ұстанымдарының консенсусында жүзеге асыру қажеттілігін өзекті деп түсінеміз.

## Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің гранттық қаржыландыруы бойынша АР19679307 «Қазақстанның даму стратегиясы: қазіргі әлеуметтік қақтығыстарды реттеудегі бітімгершілік мәселесі» ғылыми жобасын орындау аясында дайындалған.

## ӘДЕБИЕТТЕР.

- 110 Years of Mediation: Principles, Opportunities, and Challenges // <https://mediate.com> (қаралған күні: 18.06.2024).
- Jones D. Cosmopolitan mediation. Conflict Resolution and the Oslo Accords // Manchester: Manchester University Press, 1999.
- Barton, D.V., Vairinen, T. The end of international relations. Edited by: Groom, Light Modern International Relations: A Guide to Theory // London: Peter Publishing House, 1994.
- European Judicial Network in civil and commercial matters // [http://ec.europa.eu/civiljustice/adr/adr\\_ec\\_code\\_conduct\\_en.pdf](http://ec.europa.eu/civiljustice/adr/adr_ec_code_conduct_en.pdf) (қаралған күні: 20.06.2024).
- Riskin L.L. Understanding the orientation, strategies and methods of intermediaries: a grid for the perplexed // Harvard Review of the Law of Negotiations. - 1996. - Volume 7, Pp. 7-52.
- Kerl A. Mediation in situations of large-scale violence. Edited by: Lidman. Mediation in context. London: Jessica Kingsley Publisher Ltd, 2000.
- Beardsley, K.K., Quinn, D.M., Biswas, B., Wilenfeld, J. Mediation style and the results of the crisis. Journal of Conflict Resolution, 2000. Vol. 50, issue 1, pp. 58-86.
- «Научно-методический центр медиации и права» // <https://mediacia.com/what-is-mediation/documents> (қаралған күні: 21.06.2024).
- Mediation information and assessment meetings (MIAMs) // <https://resolution.org.uk> (қаралған күні: 21.06.2024).
- Хельсинкский Заключительный акт // <https://www.osce.org/ru/ministerial-councils/39505> (қаралған күні: 22.06.2024).
- Should you mediate or go to trial? // <https://hammerco.ca/news/alternative-dispute-resolution/mediation-or-trial/> (қаралған күні: 25.06.2024).
- Посредничество и содействие диалогу в контексте ОБСЕ // <https://www.osce.org/ru/secretariat/155196> (қаралған күні: 25.06.2024).
- Roth Marcus, Gerdane David Mediation in Osterreich. Mor Siebek Publishing House, Tübingen, 2008, p. 110.
- Moore Christopher W. The mediation process // 3rd edition; Jossey-Bass San Francisco. 2003. - p. 52-53
- Hilber, Marc, Die Sicherung der Vertraulichkeit des Mediationsverfahrens // «Dr. Kovac» Hamburg, 2006. - p. 193.
- ADR in Business: Practice and Issues across Countries and Cultures by J.C. Goldsmith, A. Ingen-Housz, and G. Pointon // «Kluwer Law International», New York, 2006. - p.85
- Spencer D., Brogan M. Mediation Law and Practice // «Cambridge University Press» New York, 2006. - p.313.
- Зиманов С. З. «Жарғы» қазақтардың құқық әлемі - бірегей құқық жүйесі. - Т.5. Алматы, 2012. - Б. 46.
- Институт биев: подходы и интерпретации в российской и казахстанской историографии: монография // Ж.С. Мажитова. – 2-е изд. – М.: «КДУ», «Добросвет» , 2020. – 370 с.
- «7 камней правосудия» : что сделано за три года // <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/5050269-7-kamney-pravosudiya-cto-sdelano-za.html> (қаралған күні: 22.06.2024).
- Сот жүйесінің озық бағдарламалары // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35974105&pos=4;-72#pos=4;-72](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35974105&pos=4;-72#pos=4;-72) (қаралған күні: 21.06.2024).
- Бакирова А.М. Роль института биев как органа по урегулированию и разрешению конфликтов правового характера // Ученые записки Крымского федерального университета имени В. И. Вернадского. Юридические науки. – 2019. – Т. 5 (71). № 4. – С. 409-426.

## REFERENCES:

1. 110 Years of Mediation: Principles, Opportunities, and Challenges // <https://mediate.com> (accessed: 18.06.2024).
2. Jones D. Cosmopolitan mediation. Conflict Resolution and the Oslo Accords // Manchester: Manchester University Press, 1999.
3. Barton, D.V., Vairinen, T. The end of international relations. Edited by: Groom, Light Modern International Relations: A Guide to Theory // London: Peter Publishing House, 1994.
4. European Judicial Network in civil and commercial matters // [http://ec.europa.eu/civiljustice/adr/adr\\_ec\\_code\\_conduct\\_en.pdf](http://ec.europa.eu/civiljustice/adr/adr_ec_code_conduct_en.pdf) (accessed: 20.06.2024).
5. Riskin L.L. Understanding the orientation, strategies and methods of intermediaries: a grid for the perplexed // Harvard Review of the Law of Negotiations. - 1996. - Volume 7, Pp. 7-52.
6. Kerl A. Mediation in situations of large-scale violence. Edited by: Lidman. Mediation in context. London: Jessica Kingsley Publisher Ltd, 2000.
7. Beardsley, K.K., Quinn, D.M., Biswas, B., Wilenfeld, J. Mediation style and the results of the crisis. Journal of Conflict Resolution, 2000. Vol. 50, issue 1, pp. 58-86.
8. «Nauchno-metodicheskij centr mediacii i prava» [Scientific and Methodological Center of Mediation and Law] // <https://mediacia.com/what-is-mediation/documents> (accessed: 21.06.2024).
9. Mediation information and assessment meetings (MIAMs) // <https://resolution.org.uk> (accessed: 21.06.2024).
10. Hel'sinkskij Zakljuchitel'nyj akt // <https://www.osce.org/ru/ministerial-councils/39505> (accessed: 22.06.2024).
11. Should you mediate or go to trial? // <https://hammerco.ca/news/alternative-dispute-resolution/mediation-or-trial/> (accessed: 25.06.2024).
12. Posrednichestvo i sodejstvie dialogu v kontekste OBSE [Mediation and promotion of dialogue in the context of the OSCE] // <https://www.osce.org/ru/secretariat/155196> (accessed: 25.06.2024).
13. Roth Marcus, Gerdane David Mediation in Osterreich. Mor Siebek Publishing House, Tübingen, 2008, p. 110.
14. Moore Christopher W. The mediation process // 3rd edition; Jossey-Bass San Francisco. 2003. - p. 52-53
15. Hilber, Marc, Die Sicherung der Vertraulichkeit des Mediationsverfahrens // «Dr. Kovac» Hamburg, 2006. - p. 193.
16. ADR in Business: Practice and Issues across Countries and Cultures by J.C. Goldsmith, A. Ingen-Housz, and G. Pointon // «Kluwer Law International» , New York, 2006. - p.85
17. Spencer D., Brogan M. Mediation Law and Practice // «Cambridge University Press» New York, 2006. - p.313.
18. Zimanov S. Z. «Zhargy» kazaqtardyn kuckyk alemi - biregej kuckyk zhujesi [The world of law of Kazakhs «Zhargy» unique system of law]. - Vol.5. Almaty, 2012. 46 p.
19. Institut biev: podhody i interpretacii v rossijskoj i kazahstanskoj istoriografii: monografija [Biy Institute: approaches and interpretations in Russian and Kazakh historiography: monograph] // Zh.S. Mazhitova. – 2d edition – M.: «KDU» , «Dobrosvet» , 2020. – 370 s.
20. «7 kamnej pravosudija»: chto sdelano za tri goda [«7 Stones of Justice» : what has been done in three years] // <https://www.zakon.kz/redaktsiia-zakonkz/5050269-7-kamnej-pravosudiya-chto-sdelano-za.html> (accessed: 22.06.2024).
21. Sot zhujesinin ozyk bagdarlamalary [Advanced judicial system programs] // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35974105&pos=4;-72#pos=4;-72](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35974105&pos=4;-72#pos=4;-72) (accessed: 21.06.2024).
22. Bakirova A.M. Rol' instituta biev kak organa po uregulirovaniyu i razresheniju konfliktov pravovogo haraktera [The role of the Biy Institute as a body for the settlement and resolution of conflicts of a legal nature] // Uchenye zapiski Krymskogo federal'nogo universiteta imeni V.I. Vernadskogo. Juridicheskie nauki. – 2019. – T. 5 (71). № 4. – S. 409-426.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01-07-2024

Мақаланың жарияланған күні: 27-09-2024